

# Ленин

Шығуына  
26-ші жыл  
№ 253  
(6954)  
1944 жыл  
Жума  
22 декабрь  
Жеке саны  
20 тыйын

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, елдіктер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

## ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын кейінге қалдыру туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Соғыс жағдайына байланысты, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы 1945 жылғы 5 декабрьге қалдырылып, бірінші сайланған ССРО Жоғарғы Советтің екілдігі осы мерзімге ұзартылсын. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1944 жылғы 14 декабрь.

## Мал санағын алуды үлгілі өткізейік

Облысымызда 1945 жылдың 1 январына мал санағы алынады. Мал санағын алу ісінің мемлекеттік зор маңызы бар. Мал санағын алуды үлгілі өткізу—қоғамдық мал шаруашылығын жоспарлау ісінің негізгі саласы болып табылады. Бұл қолхоз, совхоздарда, көмекші шаруашылықтарда және басқа сол сыяқты мемлекеттік, кооперативтік ұйымдарда, сонымен қатар, колхозшылардың, жеке шаруалардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің шаруашылығында мал басын неғұрлым көбітеу жолындағы игілікті істің бірі.

Қазір облысымызда мал санағын алуға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Совет, Приешім, Ленин аудандарында бұл жөнінде едәуір жұмыстар істелді. Совет аудандық атқару комитеті мен КК(б)П аудандық комитетінің бюросында мал санағын алу жөнінде мәселе қаралып, бұл маңызды істі ойдағыдай өткізудің нақтылы шаралары белгіленді. Мал санағын алуға дайындық жұмыстарын жүргізу үшін аудандық ұйымдар тарапынан қазірдің өзінде колхоздарға, ауыл-селолық советтерге өкілдер жіберілді.

Алайда істің жәйі облысымыздың барлық аудандарында бірдей осылай деуге болмайды. Көптеген аудандарда мал санағын алуға дайындық жұмыстары осы күнге дейін қолға алынбаған. Соколов, Конюхов, Булаев тағы басқа аудандардың партия, совет, жер орындары мен санақ бөлімдері мал санағын алуға дайындық жұмыстарын жүргізуді көрне-көзге кешейтін отыр. Бұл аудандардың басшылары мал санағын алудың халық-шаруашылық маңызы орасан зор екенін жете түсінбей отыр.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитеті 1945 жылғы 1 январьға мал санағын алу туралы арнаулы қаулы алды. Бұл қаулыда мал санағын алуға әзірлік және оны өткізудегі негізгі міндеттер атап көрсетіліп, нақтылы шаралар белгіленген.

Колхоз, совхоздарда, көмекші шаруашылықтарда және басқа да мемлекеттік, кооперативтік ұйымдарда, сонымен қатар, колхозшылардың, жеке шаруалардың, жұмысшылар мен қызметшілердің шаруашылығында 1945 жылдың 1 январына мал санағын анықтау жұмысын ұйымдастыруда аудандық, қалалық, ауыл-селолық Совет атқару комитеттері, КК(б)П аудандық, қалалық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары санақ басқармасының мекемелеріне нақтылы көмек көрсетуге міндетті. Әресе ауыл-селолық советтер мен бастауыш партия ұйымдары 1945 жылғы 1 январьға дейін туған төлдің толық жазылдығына, сонымен қатар, колхоздардың қандық жерлердегі малының саны дұрыс жазылдығына ерекше назар аударуға тиіс.

Аудандық атқару комитеттері мен КК(б)П аудандық комитеттері ауыл-селолық советтердің шаруашылық кітаптарының дер кезінде әрі дәлме-дәл толтырылуын және олардың 1945 жылғы 1 январьдан қалдырмай колхозшылардың, жеке шаруалардың, ауыл-селолық жерде тұратын жұмысшылар мен қызметшілердің малының саны жөнінде мәліметтерді дер кезінде өкеліп тапсыруын қамтамасыз етулері қажет.

Мал санағын толық алудың маңызы жөнінде бұқара арасында түсінік жұмыстары кеңінен өрістетілуге тиіс. Бұл үшін аудандық, қалалық, ауыл-селолық Совет атқару комитеттері мен КК(б)П қалалық, аудандық комитеттері, бастауыш партия ұйымдары жергілікті жерлерге партия, совет активін жіберулері керек. Олар мал санағын алуға әзірлік, оны өткізу жұмысының барысын күнделікті бақылап отыруға міндетті. Мал санағын алуға жіберілген қызметкерлер санақты дер кезінде және дұрыс алу мақсатында шаруашылық кітаптарын дұрыс толтыру үшін және колхозшылар мен жеке шаруалардың, жұмысшылар мен қызметшілердің үйлерін аралап өтетін болсын.

## Совет Хабаршы бюросынан 19 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

19 декабрьде Чехословакия жерінде КОШИЦЕ қаласының шығыс және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығы мен инженерлік бөгеттерін жеңе отырып, таулы-орманды жерлерде ДАВИДОВ, ЦАВОВ, БАЧКО, ДЕРЕГОВ, КРЕСТУР, НОВОЕ, МЕСТО, СИЛВАШ, СЛАНСКА ГУТА, СКАРОШ, НАДОШТЬ қыстақтары мен КАЛША темір жол станциясын алды. Бұл ауданда әскерлеріміз декабрьдің 16нан 18не дейін немістер мен венгрлердің 2044 солдаты мен офицерін қолға түсірді. Мұнымен қатар КОШИЦЕ қаласының оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Чехословакия жерінде СЕНЬЯ, ПЕРИНА, ВИШНИ, ЛАНЦ, төменгі ЛАНЦ, ЖАРНОВ ДВОРНИКИ, ГОРГОВ ЯБИОНЦА, СИЛИЦА, БОЗОВА қыстақтары мен МИГЛЕЦ және ТУРИЯ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Венгрияның МИШКОЛЦ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Чехословакия жерінде КРАЛИК, МЕХИ, ФИГА, РУМИНЦЕ, ВЕСЬКА, РАДНОВЦЕ, ЦАКОВ, ХАНАВА, ИВАНИЦА, ЗАДОР, ЧИЗ, ЛИНГАРТОВЦА, ИЕНЭ қыстақтарын алды. 8 декабрьдегі ұрыстарда бұл ауданда әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1600 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Венгрия жерінде ДЕНДБЕШ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ОТХАЗХУТА, АЛШОХУТА, ХАСНОШ, ТАР, МАРТА-ВЕВЕБЕЛИ, ШАМШОНХАЗА, НАДЬ-БАРКАНЬ, ЛУЦИН, НЫРЕШ қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

### 20 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

20 декабрьде Венгрияның МИШКОЛЦ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, Чехословакия жерінде СТАРНА, ТОРНАЛЯ, БЕГИНЦЕ, БАТКА, РИМАНСКА СЕЧЬ, СУТОР БЕЛИН, ЯНМОШОВ, ЦЕ, ПАВЛОВЦЕ, ГАРМАЦ, МАРТАНОВА, ШИМОНОВЦЕ, ДАРНА қыстақтары мен ТОРКАЛЯ, РИМАНСКА СЕЧЬ темір жол станцияларын ұрыспен алды. 19 декабрьде бұл ауданда әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1010 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 19 декабрьде әскерлеріміз немістердің 12 танкіні қыйратты. Жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 6 самолеті атып түсірілді.

\*\*\*

Венгрияның Мишколц қаласының солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері қатты ұрыстар нәтижесінде Чехословакия жерінде Торналя үлкен қыстағы мен темір жол станциясын алды. Бұл қыстақта немістер күшті бекіністер жасады және бұл қыстақ немістердің Слана өзені бойындағы қорғану тораптарының бірі болды. Екінші бір бөлімдеріміз алға баса отырып, тас жолдардың торабы—Батка қыстағын алды. Сол сыяқты Римава Сечь қаласынан 5 километр жердегі Яношовец қыстағында алынды. Бір күнді ұрыстарда бір батальондай гитлершілдер жойылды, немістердің 6 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртелді, қыйратылды. Бір бөліміміздің жауынгерлері дұшпаннан 5 дала зеңбірегі мен зенит зеңбірегін, 6 миномет және оқ-дәрі қойған оқпанды қолға түсірді.

\*\*\*

Шығыс Пруссияда неміс жалау әскерлері кей бір учаскелерде ұрыспен барлау жүргізуге тырысты. Алдыңғы бөлімшелеріміз мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырып, дұшпанды тозғындатты, сөйтіп 100ден аса гитлершілдерді жойып жіберді. Совет мергендері екі күн ішінде жаудың 85 солдаты мен офицерін қырып салды. Мергендер Драгун мен Лоцкевич дұшпанның атыс бекіністері маңында тосқауылда тұрды. Олар тосқауылда тұрып, тылдан жаудың қорғану шебінің алдыңғы шетіне баратын жолды байқады. Бір күнде Драгун жолдас 5 немісті, ал Лоцкевич жолдас 3 немісті өлтірді.

Авиациямыз ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, дұшпанның қатынас жолдарына соққы берді. Киевнен және Альт-Юха темір жол станцияларына шабуыл жасау нәтижесінде немістердің соғыс жүгіні тиетін екі темір жол эшелоны өртенді.

\*\*\*

1-Украин майданында әуе барлаушыларымыз майданға жапсарлас жердегі бір

эшелоны тұрғандығын байқады. Советтер Одағының Батыры гвардия капитаны Евсюковтың басқаруындағы бір топ пштурмашылар мен Советтер Одағының Батыры гвардия лейтенант Шокурновтың басқаруындағы бір топ истребительдеріміз станцияға шабуыл жасады. Немістердің әскери эшелондарына бомбалардың дәл тигендігі байқалды. Станцияда үлкен өрт шықты. Өрт жалыны вагондардың басым көпшілігін алып кетті. Өртпен қоса күшті взрывтар болды.

Ушқыштарымыз гвардия аға лейтенант Шарцев пен гвардия кіші лейтенант Зайцев барлауда жүріп, немістердің 2 «Фокке-Вульф-190» истребительіне кез болды. Аз уақытқа созылған ұрыста совет ушқыштары дұшпанның 2 самолетін атып түсіріп, өз аэродромына аман есен қайтып келді.

\*\*\*

Немістердің 24-жауау әскер дивизиясының 33-полкындағы 5-ротаның қолға түсірілген солдатты Эдмунд Кипп былай деді: «Мен «Уленхорст» транспорт кемесінде зеңбірекші болып қызмет атқардым. Жақын арада кемеміз командасын таратып, ондағы адамдарды жалау әскерлер қатарына қосу үшін Прибалтыққа жөнелтті. Бізді Данияға теңіз арқылы жөнелтті. Портга теңізшілер былай деді: «Сендер хауінгі сапарға шыққалы тұрсыңдар. Сендер Либаваға қарай беттеп жүресіңдер, бірақ сендердің көпшілігің ол дүниеге аттанасыңдар». Мен «Бакке» кемесінде едім. Біздің ізімізше келе жатқан екінші бір транспорт та толықтыру әкеле жатты. Либавадан 20 миль жерде орыс бомбашылары бұл екі транспортқа шабуыл жасады. Біздің кемемізге екі бомба тиді. Біз 112 шамалы адамымыздан өлділей айрылдық және 60 адамымыз ауыр жараланды. Кемеміз қатты зияндалды, алай да жүзуінен тартылды. Екінші транспорт ауыр халге ұшырады. Ол аяғашқы бомба тигеннен кейін, суға батты. Кемедегі барлық солдаттар мен офицерлер түгел дерлік

## Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының дін Басқармасы тексеру комиссиясының мүшесі имам ХИЯЛИТДИНОВ Шакирге

Танк колоннасын жасауға қосымша 16 мың сом және ССР Одағының отан қорғау қорына 500 пұт астық жыйнаған Петропавл қаласының діншіл мұсылмандарына менің сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын тапсыруыңызды сұраймын.

И. СТАЛИН.

Москва, Кремль.

## Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Маршал Иосиф Виссарионович СТАЛИНГЕ

Қызыл Армия жауынгерлеріне көмектесуді және бүкіл адам баласының қас жауын жеңіп шығу сағатын тездетуді тынықтаспен тілеп, Қазақ ССРдағы Петропавл қаласының діншіл мұсылмандары танк колоннасын жасауға бұдан бұрын тапсырған 32930 сомға қосымша 1944 жылы 16000 сом берді. Мұның үстіне, діншілдер 1944 жылы жеке меншіктерінен 500 пұт астық жыйнап, оны ел қорғау қорына тапсырды.

Мұсылмандар әрдайым Қызыл Армия жауынгерлерінің сәлемет болуын және Сіздің сау-сәлемет болып, ұзақ өмір сүруіңізді тілейді.

Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының дін Басқармасы тексеру комиссиясының мүшесі имам ХИЯЛИТДИНОВ ШАКИР.

## Грибоедовтың туғанына 150 жылы толуын өткізу жөніндегі комитетте

16 декабрьде Москвада А. С. Грибоедовтың туғанына 150 жыл толуын өткізу жөніндегі Бүкілодақтық Комитеттік мәжілісі болып өтті.

Мәжілісте ұлы орыс жазушысының шығармаларын Советтер Одағының елбасылары арасында кеңінен тарату ісіне байланысты мәселелер қаралды.

Москваның және одақтық республикалардың әдебиет баспалары мен ғылыми қоғамдық ұйымдары бұл мерекені жазушының шығармаларын басып шығарумен, ғылыми есеңсиялар мен кештер өткізумен және көрмелер ашумен өткізбек.

Жазушы оқыған Москва университетінде «Грибоедов және оның заманы» деген лекциялар курсы ашылмақ. Мерекенің алдында «Грибоедов және Москва университеті» деген жыйнақ басылып шығады. Барлық театрларда «Ақылдақ қайғы» спектаклі қойыла бастайды.

(ТАСС)



